С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# *Тақырыбы: 12орталық қалалық клиникалық аурухананы санитарлық-гигиеналық тексеру*

***Орындаған:***12-003 тобы

***Тексерген:***

***Факультет: КДС*** 12-003

***Курс: 5***

*Алматы, 2016 жыл*

1)**Мекен-жайы** :Алматы қаласы Бостандық ауданы , Жандосов көшесі 6

2)**Аталуы**: №12 Орталық Қалалық Клиникалық Аурухана



# Жеке және типтік жоба бойынша құрылысы
# 1971 жылы салынған



* Күндізгі стационар жеке блокта орналастырылады және мынадай үй-жайлар жиынын қамтиды: күту аймағы 10,0 шаршы метр (бұдан әрі - м2 ), дәрігер кабинеті 10,0 м2 , емшара кабинеті 10,0 м2 , ересек адам үшін бір төсекке 6,0 м2 , бала үшін 4,5 м2 есебінен күндіз болатын палаталар, санитариялық торап.

* 910 стационарлық төсек орын жұмыс істейді. Жылына 500000 келушілерге қызмет көрсетеді.59-емдік диагностикалық кабинет бар.

| № | Үй-жайлардың атауы | Ауданы, 1 төсекке $м^2$(кемінде) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 3 | Ортопедиялық-травматологиялық (оның ішінде қалпына келтіру емі), күйік, радиологиялық: | |
| | | |
| 1 | Қарқынды терапия, операциядан кейінгі | 13 |
| 2 | Психоневрологиялық және наркологиялық: | |
| | жалпы үлгідегі | 5,0 |
| | инсулиндік және наркологиялық | 6,0 |
| 3 | Басқа палаталар | 7,0 |
| 4 | Күндізгі стационар палатасы | |
| | ересектерге арналған | 6,0 |
| | балаларға арналған | 4,5 |

# Емдік ғимараттардың бағытталуы



* Аэропорт , өнеркәсіп орындарынан алыс орналасқан. Ал көлік жолынан 50 м-ден аса қашықтықта орналасқан.





# Көлік тұрағы тәулік бойы жұмыс істейді



* Ауруханада екі алаңға кіретін көлік жолы қарастырылған. Бірі келушілер үшін ,екіншісі жедел жәрдем үшін.





* Аурухана алаңында жасыл шыршалар мен раушан гулдер орналасқан. Аурухана ұйымдарының жер учаскесінің көгалдандырылуы жалпы жер көлемінің 60% құрайды.





* Аурухана ыстық және суық сумен қамтылған. Палаталарында, кабинеттерінде, дәретханаларында, емшара бөлмелерінде, таңу бөлмелерінде, қосалқы үй-жайларда араластырғыштар арқылы ыстық және суық су келтірілген раковиналар орнатылған.





* Қалдықтарды жинау үшін бір рет қолданылатын, су өткізбейтін қаптар, пакеттер, металл және пластикалық сыйымдылықтар, жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған контейнерлер (бұдан әрі – ЖҚКЖК) пайдаланылады.
* Қалдықтардың әрбір сыныбын жинауға арналған қаптардың, пакеттердің түсі әртүрлі (А сыныбы қалдықтары - ақ, Б сыныбы - сары, В сыныбы - қызыл, Г сыныбы – қара), контейнерлерде, сыйымдылықтарда таңба болуы тиіс. Қауіпті қалдықтарды жинауға арналған металл және пластикалық сыйымдылықтар, контейнерлер тығыз жабылуы тиіс.

* Денсаулық сақтау объектілерінің аумағында қалдықтарды өртеуге жол берілмейді. Қалдықтарды термиялық әдіспен залалсыздандыру (өртеу) медициналық қалдықтарды +800-10000С төмен емес температурада термиялық әсер ету жолымен жүргізіледі.

* Ауруханада орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылады немесе дербес жылу көзі пайдаланылады.
* Аурухана жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткіш жүйелерімен жабдықталған.



# * Бөлмедегі микроклимат

Ауа алмасу жиілігі белгіленген тазалықты қамтамасыз ету есебінен және ауаның газ құрамын ұстап тұруына қарай таңдалады. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60%, ауа қозғалысының жылдамдығы 0,15 м/сек аспауы тиіс.

| № | Үй-жайлардың атауы | Ауаның есепті температурасы, °С | 1 сағатта ауа алмасу жиілігі | | Үй-жайдың тазалығы бойынша санаты | Табиғи ауа алмасу кезіндегі сору жиілігі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ішке сору | сыртқа шығару | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Шағын операциялық, оның ішінде күндізгі стационарларда | 22 | 10 | 5 | т | 1 |
| 2 | Дәрігерлер кабинеттері, рефлексотерапия кабинеттері, науқастар күндіз болатын үй-жайлар | 20 | Дәлізден ағыс | 1 | т | 1 |
| 3 | Функциональдық диагностика кабинеттері, ректороманоскопия кабинеті | 22 | - | 3 | л | 2 |
| 4 | Емдік дене шынықтыру, механотерапия кабинеті, зондтау кабинеті | 20 | 2 | 3 | л | 2 |
| 5 | Вестибюльдер, тамақ ішуге арналған үй-жай, компрессорлық, ингаляторлар, киім-кешек және қойма үй-жайы | 18 | - | 1 | л | 1 |
| 6 | Лас киім-кешекті, жинау құралдарын, дезинфекциялау құралдарын сақтау қоймалары | 18 | - | 5 | л | 3 |
| 7 | Санторaптар | 20 | - | 1 унитазға | л | 3 |

# Жарықтану

* Палаталы секциялардың (бөлімшелердің) дәліздерінде ғимараттың жанындағы қабырғасындағы және жарық қалталарындағы (холлдардағы) терезелер арқылы жүзеге асырылатын табиғи жарықтандыру болуы тиіс. Жарық қалталары арасындағы арақашықтық 24 м және қалтаға дейін 36 м аспауы тиіс. Емдеу-диагностикалық және қосалқы бөлімшелердің дәліздері жанынан және бүйірден жарықтандырылуы тиіс.
* Көкжиектің оңтүстік румбаларына бағытталған терезелер күннен қорғау құрылғыларымен (күнқағарлар, жалюздер) жабдықталады.
* Жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді.






# Қабылдау бөлмесі



Лабороториялар және емдік-диагностикалық бөлімшелер бар.






* Магниттік-резонанстық томографияға арналған үй-жайды жүкті әйелдерге, балаларға және кардиологиялық науқастарға арналған палаталармен көршілес (көлденең және тігінен) орналастыруға жол берілмейді.
* Бұл ауруханада магниттік резонанстық томография бөлек сыртта орналасқан.



* Асхана, гардероб






# Алдын алу шаралары



* Хирургиялық бөлім-3 қабатта орналасқан.
* Операция алды, таңып-байлау, босандыру залдары, реанимация залдары, емшара кабинеттері, жаңа туған нәрестелер палаталары жанындағы мейірбикелер постылары, хирургиялық, гинекологиялық кабинеттер, бокстар, жартылай бокстардың шлюздері, зертханалар шынтақ крандары қондырғысы бар қолжуғыштармен, сұйық антисептикалық сабыны мен антисептиктер ерітіндісі бар шынтақ дозаторларымен жабдықталады.



# Стерилизациялау бөлмесі

* Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилдеу алдында тазалау мен стерилдеу орталықтандырылған стерилдеу бөлімшесінде жүзеге асырылады. КМБ-ны стерилдеу жабдықтың тиісті стерилдейтін агенттері мен типтерін пайдалана отырып, физикалық (бумен, ауамен, инфрақызыл, гласперлен), химиялық (химиялық заттардың ерітінділерімен, газбен, плазмалы) әдістермен жүргізіледі.

# Қызмет көрсететін персоналдардың жалпы саны

* Аурухананың көп салалы жұмысын 1000 астам мүшесі бар ұжым жұмыс істейді. Олардың арасында 235 дәрігер, 450 медицина қызметкері, 500 кіші медицина қызметкері бар.
* Дәрігерлер арасында 2 профессор, 4 медицина ғылымдарының докторы, 17 медицина ғылымдарының кандидаты, 12 денсаулық сақтау ісінің үздігі еңбек етуде.

Персонал арнайы киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен (халаттар, комбинезон, қолғап, бетперде, респираторлар, арнайы аяқ киім, алжапқыштар, жеңқаптар) жабдықталған.



Медициналық персонал ауысымдық жұмыс киімінің үш жиынымен: халаттармен, қалпақтармен (орамалдармен), ауысымдық аяқ киіммен қамтамасыз етіледі. Санитариялық киімді ауыстыру күн сайын және ластануына қарай жүзеге асырылады. Санитариялық киімді жуу бір орталықтан, науқастардың киім-кешегінен бөлек жүзеге асырылады.



* Персоналды тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін асханалар мен буфеттер көзделуі қажет, барлық бөлімшелерде ауданы 12,0 $м^2$ тоңазытқышпен, су жылытуға арналған құрылғымен, қол жууға арналған раковиналармен жабдықталған персоналға арналған бөлме бөлінеді. Жұмыс орындарында тамақ ішуге жол берілмейді.






* Науқастар мен персонал үшін бөлек дәретханалар көзделуі тиіс.



# Қорытынды

* Аурухананы пайдалану және құрылымында кемшіліктер: дәретханада дәретхана  қағазы және жуынатын бөлмеде сабын жоқ.
* Келушілерге арнайы бахила жоқ.
* Денсаулық сақтау обьектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай.